

21.2005  
96014

# Әдібай Табылды

Екі томдық  
ТАҢДАМАЛЫ  
ШЫҒАРМАЛАРЫ

1









# Әдібай Табылды

Екі томдық  
ТАҢДАМАЛЫ  
ШЫҒАРМАЛАРЫ

1

## Таңғажайып ертегілер



ББК 82.3 (Қаз-5)

Т12

*Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылды*

Табылды Ә.

Т12 Екі томдық таңдамалы шығармалары:

Т.1 Таңғажайып ертегілер. —Алматы:

“Балалар әдебиеті” баспасы. —2005. — 248 бет.

ISBN 9965-650-34-9


Т 483250104  
00 (05)-05

ББК 82.3 (Қаз-5)

ISBN 9965-650-34-9 (Т.1)

© Табылды Ә., 2005

© “Балалар әдебиеті” баспасы, 2005



## АҚ ЕШКІНІҢ ЛАФЫ

Жадыраған жаз еді  
Жайлаудағы майсаға  
Жайылған мал мәз еді.  
Селтендеген құлағы  
Ақ ешкінің лағы  
Шыдам таппай ойнақтап,  
Шыға келді ой жаққа.  
Ол ойнағын баспады,  
Ойдан қырға асты әрі.  
Екі қырдан әрі асты:  
Енесінен адасты.  
Ерекше бір түзде жүр,  
Енді енесін іздеп жүр.  
Шеттегі бір сортанда  
Жүрген жеке ботаға  
Жетіп келіп Ақ лақ  
Сұрақ қойды маңырап  
– Айтшы бота, сен енді  
Ақ ешкіні енемді  
Кекөрістен көрдің бе?  
Көріп сөлем бердің бе?  
– Ақ ешкіні көргем жок,  
Көріп, сөлем бергем жок.  
Маңырады Ақ лақ;

— Енем қайдан табылмақ  
Одан біраз ұзады,  
Ойнақтаған бұзауды  
Көріп енді Ақ лақ  
Сұрақ қойды маңырап:  
— Бұзауқан — ау, аман ба  
Бұрылшы сен маған да...  
Айтшы маған сен енді  
Ақ ешкідей енемді  
Көкөрістен көрдің бе  
Көріп, сәлем бердің бе?  
— Ақ ешкідей ененді  
Аңғармадым мен енді:  
Көкөрістен көргем жоқ,,  
Көріп, сәлем бергем жоқ...  
Жайылымда жас лақ  
Жабырқады жасып — ақ.  
Жолықтырды қозыны:  
Тында қозы сөзімді...  
Айтшы маған сен енді,  
Ақ ешкідей енемді  
Көкөрістен көрдің бе  
Көріп, сәлем бердің бе?  
— Ақ ешкіні көргем жоқ,  
Адасқаныңды білгем жоқ.  
Маңырады Ақ лақ:  
— Мәәә — мәәә! Енешім,  
Мен табатын емеспін,—  
Деп, Ақ лақ торықты,  
Құлынға кеп жолықты:  
— Сәлем, Құлын, аман ба  
Мен енемді табам ба?  
Ақ енемді көрдің бе?

Көріп, сәлем бердің бе?  
— Mehe! Ақ лақ жылама,  
Көзіңің жасын бұлама  
Өрісте сен ерінбе,  
Өзің жүрген жеріңе  
Меже тұтып қайта бар:  
Ақ енендей табасың,  
Менен сәлем айта бар.  
Лақ сөзге жуанып,  
Тез ойнақтап, қуанып,  
Лұпіл қағып жүрегі,  
Өзі ойнақтап ойнаған  
Төбеге кеп түр еді,  
Мамасы — Ақ ешкінің  
Маңырауын естіді.  
Қалың шөптің арасын  
Аралап ол, анасын  
Тауып жаңа келіп түр,  
Таусап, сүтін еміп түр.  
Ене сүтін емгенге  
Ешбір қызық жетпейді.  
Енесінің қасынан  
Енді Ақ лақ кетпейді.

## АДАМ МЕН ТЕҢІЗ

Ақылды адам ең ізгі  
Ардақтап көк теңізді  
Жайлап нұлы жағасын,  
Жақсы біліп бағасын,  
Барлық ісін үлгеріп,  
Балық аулап күн көріп,

Көк айдында жүзіпті  
Көріпті көп қызықты.  
Талай жылдар өткенде,  
Тасып сұы көктемде,  
Теніз кенет құрсанды,  
Телегейі бүрқанды.  
Теніз толқып, тау болып,  
Тентек, жойқын жау болып,  
Жағасынан асыпты,  
Жалпақ жерді басыпты.  
Адам батыр сасыпты,  
Амал тауып, қашыпты.  
Асып теңіз шыңдан да,  
Тасып барып, тынғанда,  
Лайынан тұнғанда,  
Құдай қылған бұл іс деп,  
Жайын Адам көріпті,  
Жағасына келіпти.

— Ей, көк теңіз, қызықсың!  
Неге сонша бұзықсың?  
Байып кетті дедің бе?  
Жағадағы барымды  
Шайып кеттің деміге.  
— Адамға, — деп, — байлығым!  
Аялайсың жай бүгін...  
Сонда теңіз сөйледі,  
Сөйлегенде бүйдеді:  
— Сұрағаның жөн емес,  
Сұрапылың мен емес.  
Дүниеде ауа көп,  
Дүрліксе олар, дауа жоқ.  
Ыстық, сұық ауалар —  
Бір — біріне жау олар.

Куаттанып, бір — бірін  
Кудалайды құрғырың.  
Суық ауа жайлайды,  
Жылы ауаны айдайды.  
Ол жел болып, салқындал,  
Орай соғып, қарқындал,  
Дауыл болды, үйірді,  
Дамба бұзып, иірді.  
Шығып кеттім жағадан,  
Шырқырады бар адам.  
Естіп тұрмын өкпеңді,  
Есің болса, сөкпе енді.  
— Алып теңіз айбыным,  
Ашық болсын айдының.  
Көзсіз ауа дауыл боп,  
Көрсетпесін қайғы — мұн.  
Елге толсын ырыс — құт,  
Сенде болсын тыныштық.

## ШОРТАН БАЛЫҚ ПЕН СКАТ

Теңгедей Скат ержетіп,  
Теңізде жүзін көрсетіп,  
Жүр еді жүзіп тереңде,  
— Күшті ме бұл, — деп,  
— менен де?  
Төмендеп Шортан келіпті,  
Төбелесуге төніпті.  
— Ей Скат, терең жатырсың,  
Елеусіз қандай батырсың?  
Сені мен қуып, тұтамын!  
Сеніммен бір — ақ жұтамын!

Шортанның күшін күндемей,  
Шошымай, әрі үндемей,  
Электр — Скат, сөкпеді,  
Елеп бір қыбыр етпеді.  
Бусанып, Шортан бұлқынды,  
Скатқа қарай үмтылды.  
— Арысы мен, — деп, — ортаның!  
Ашуы келді Шортанның.  
Шоши ма, Скат қорқа ма?  
Шоршыған тентек Шортанға  
Бойына жинап биоток,  
Бола қалды да бүйен ток,  
Теңізден жиган тонғымен,  
Тепкіні күшті оғымен,  
Тұмсықтаң атып жіберді:  
Тұтылды Шортан жігерлі.  
Қатал оқ тиіп өтіне,  
Калқыды судың бетіне.

Алса кім момын мазасын,  
Алады өстіп жазасын.

## БОЛАШАҚ ФАРЫШКЕРДІҢ САПАРЫ

Өтер балғын бала шак,  
Өмір қызық болашақ:  
Сол болашақ жайында  
Сыр айтайын, пайымда.  
Көп жасасаң, көресің,  
Мен болашақ кемесін  
Айдал бардым алысқа:  
Айдан арғы ғарышқа.

Киңи жұмыс менгердім,  
Киындықты жеңемін.  
Айта бермей мол мұңды,  
Жүріп өткен жолымды,  
Баяндайын сендерге,  
Көз тайсамай сендер де,  
Теледидар бетінен  
Ал, көріндер шетінен:  
Ерекше сыр оттығы —  
Ер көлігі от нұрлы  
Зымыранға мініп ап,  
Айға бардым зымырап.  
Айда сайлап кемемді,  
Ары ұштым мен енді.  
Меркуриге қондым да,  
Бір күн қонақ болдым да,  
Жеттім ұшып Шолпанға.  
Қалдырдым да қолтаңба,  
Қанша уақыт болғанда,  
Юпитерге қонғанда,  
Сақиналы Сатурн:  
— Кел, деді, — тез, батырым!  
Сатурның үстіне  
Самғап барып, түстім де,  
Одан ұшып, Уранға  
Қондым барып ұрандала.  
Одан ұшып, шарықтап,  
Ойлап істі парықтап,  
Үстеме боп екпінім,  
Үстіне қондым Нептуның.  
Самғадым да арманға,  
Плутонға барғанда,  
Жеттім, — дедім, — арманға!

Білмей көп жыл өткенін,  
Қайта айланып, сағынып  
Жер анама жеткемін.  
Планетаның бәрінен,  
Әрі қуат, әрі дем  
Жер — анамыз жақсы екен:  
Аман болсын Бас мекен!

## ЖЕТИМ КӨЛ

Ертек қызық аманда,  
Тыңдай білген адамға  
Жан баураған ертегі  
Жаңаша сыр шертеді.  
Оқиға — мұн, сөз — зерек,  
Бұл ертегі өзгерек.  
Зымырап жыл өткенде,  
Жылы бақ жыл жеткенде,  
Жылмен бірге көктемде  
Жыл құстары жетті елге.  
Аңсап келіп айдынды,  
Арасанды айбынды,  
Айналып кең қорықты,  
Аппақ сұлу қос аққу  
Айдынкөлге қоныпты.  
Айшық сән жоқ көз көрген,  
Айдынкөл тым өзгерген.  
Сәмбі, шырша, аршасы...  
Сәнгे бөлеп баршасы,  
Көмкеретін Көк көлді.  
Көл сағынған қос аққу  
Көркемдік бар деп келді.

О, құдірет, бұл қалай?  
Орман мұлгіп түр ма жай?  
Жеміс талдар гүлдемей,  
Желкілдемей, үндеңмей  
Неге мұнша қайғылы?  
Не бұлдірген айдынды?  
Неге жок Жер айбыны?  
Азыпты Жер құнары,  
Аспан неге мұнарлы?  
Қалай ылас бұл ғалам?  
Қандай зұлмат былғаған?  
Аяп тымық айдынды,  
Аққулар тым қайғылы.  
Адамша олар сөйледі,  
Ах үрды да, бүйдеді:  
— Қайран, көлім, ажарлым,  
Қайда сенің ажарың?  
Қайда құстың базары?  
Қонбапты ғой үйрек — қаз,  
Оңбапты ғой жазық саз!..  
Буырқанып, бусанып,  
Бұрқ — сарқ етіп, құрсанып,  
Жауап берді айдын көл:  
— Жан достар — ау, қайғы мол.  
Арам ойға құл адам  
Атом күшін сынаған.  
Аспан жерге құлаған!  
Азып содан Жеріміз,  
Аянышты болып түр  
Айдын шалқар көліңіз.  
Азапты боп еліміз,  
Аза тұтты көріңіз.  
Соның бәрі кесірлі

Сор сынақтың кесірі.  
Көлде атомның уы бар,  
Көңілде дерт, улы зар.  
Екі — ақ оқтық қос батыр,  
Енді менде қауіпті,  
Экологтік сос жатыр.  
Айтпас көлің безді деп,  
Аянышты аймақтан  
Аттанындар тезірек.  
Аққулар сөз сыйлады,  
Алып ұшып кетуге,  
Айдынкөлін қимады.  
Көлдің бетін арайлап,  
Көп жүзді қарайлап.  
Аққу көлде аппак нұр,  
Айтты көлі мактап жыр:  
— Аққу! Аққу! Аққу — ай!  
Аппақ құс жоқ аққудай!  
Аққу — ақ нұр, сөніміз!  
Аққу — айттар әніміз!  
Гакку! Гакку! Гакку — ай!  
Гакку! Гакку! Гакку — ай!  
Аққу жүзіп, айдынын  
Аялады, құт кірді,  
Аққу бірақ айдынның  
Ауыруын жүқтыврыды.  
Ауырды да аналық,  
Азаптанып, — таранып,  
Алыс жаққа баралық,  
Деп, досына қарады,  
Дерті үдеп барады.  
Аянышты қос аққу —  
Айдын көлге дос аққу

Көлді құшып, сүйіп те,  
Көтерілді биікке.  
Аққу ана уланып,  
Ақ денесі буланып,  
Сезім — күші қалмады:  
Өзін үстай алмады.  
— Қош бол енді, сыңарым!  
Қош серігім! Құладым!..  
Деп, қанаты жалпылдаپ,  
Денесі оттай жарқылдаپ,  
Көзден жасы бұлады,  
Көл үстіне құлады.  
Қалған жалғыз сыңары,  
Қалай көңлі тынады?  
Айдынкөлді айланып,  
Ажалаина сайланып,  
Аққу ата зарлады:  
Ажал оны қармады.  
Жалғыз қайда сиямын?  
Жар болған дос сыңарым,  
Жарым құба досыма  
Жанымды да қиямын.  
Деп, қайғыға күйіп те,  
Дереу самғап биікке,  
Тамып кетті көз жасы —  
Талып кетті өз басы.  
Жас тыйып, бой сергітті,  
Жасап батыл ерлікті,  
Қанаттарын жиып ап,  
Қатты құйғып, құйындаپ,  
Ана аққудың үстіне  
Ah! — деп, құлап тұсті де,  
Жанын қиып өлімге,

Жатты бірге көлінде.  
Аққулары құлады,  
Айдынкөлі жылады.  
— Құссыз менің сәнім жоқ,  
Құр өмірдің мәні жоқ.  
Құстар еді базарым,  
Құссыз кіrmес ажарым.  
Құса болып, азамын.  
Тарттым апат азабын,  
Таяу менің ажалым.  
Көлді жайлап қайғы — мұн,  
Көркі кетіп айдынның,  
Жердей болып жатады.  
Жергілікті ел оны  
Жетім көл деп атады.

\*\*\*

Уақыт тез өтіпті,  
Ұлы күндер жетіпті:  
Осы күні көліне  
Ошарыпты елі де.  
Улы суды сарқыпты,  
Өзеннен су тартыпты.  
Елі ісін сайлапты,  
Көлі қайта жайнапты.  
Жетілер деп бұл ара,  
Жебеп көлді Күн ана  
Желі сүйіп, қуана,  
Желпіп жаңбыр құнара,  
Көлді күте бастапты:  
Көл көркіне бастапқы  
Келеді деп халық та,  
Керме салмай балыққа,  
Қонған құсты балтады:

Қорып, бәрін сақтады.  
Жағажайы сайран боп,  
Жақсылығы мейрам боп,  
Көлге қызық толады:  
Елге бақыт қонады.  
Еңбегінің өз елі  
Жемістерін тереді  
Ұлы күннің қызығын  
Үрпақтарым көреді.

## ТАҢҒАЖАЙЫП ЕРТЕГІ

Қызық — қызық ертегі  
Қызықтырып ертеді.  
Шындық жырым ертегі  
  
Шындық сырын шертеді.  
Тамаша бұл ертегі  
Жаңаша сыр шертеді.  
Табиғаттың көркемі  
  
Табиғатты елтеді.  
Ертегімді пайымда:  
Ертек қалсын ойында,  
Шындық айтып беремін  
  
Шын шеберлік жайында.  
Бұл әлемде кім шебер?  
Гүл әрлеген Күн шебер.  
Адамнан да білсендер,  
Ауа мен су шын шебер.  
  
Құдірет Күн шебердің  
Құдіретті өнерін,

Күнде көріп қуандық,  
Гүлге салған мәнерін.

Күн тұғанда қызынып,  
Күнде ауа, су қызығып,  
Жемістерді баптады,  
Жетілсін деп, түзіліп.

Күн төбеден нұр шашты:  
Күлтелерін гүл ашты.  
Күндегі іспен өркендереп,  
Гүл жеміспен ұласты.

Тамырға су нәр берді,  
Тал нұрға тым өрленді.  
Күнде бөлеп нұрына,  
Күн жебелеп, әр берді.

Айлананы — кеңісті,  
Аймалады жемісті:  
Көрсөң Күнді! Жадырап,  
Көркемдігі келісті.

Сауын толып, аспаннан  
Жауын болып басталған  
Су ананың жыры мол  
Думаны оның дастан — мән.

Жер ананың пәрмені  
Жер алабын нәрледі.  
Суат толып, талдарға  
Қуат болып, әрледі.  
Ауа Жерді менгерді:

Дауа берді — дем берді.  
Әркендерін тал жайып,  
Көркейгенін ел көрді.

Су, Ая, Күн, Жер — мықты:  
Қуана нұр беріпті.  
Жетіліпті сол күшпен  
Жеміс қандай көрікті?!

Баққа бағбан жан салды:  
Баққа барған балалар  
Бағын көріп, тамсанды.  
Әрбір жеміс өзінше  
Әуезді бір ән салды.

*Шие:*

Қызыл нұрлы шиеміз,  
Қызық жырлы шиеміз:  
Баптап бізді өсірген  
Бағбанға бас иеміз.  
Сыбыр — сыбыр — сыбырдан  
Сырлы бұл бір сыбыр ән.

*Алма:*

Күндей жарқын алмамыз,  
Күннен нәр — құн алғамыз.  
Қатты, шырын алманың  
Тәттілігін таңдаңыз.  
Жаралғанбыз бал — нұрдан,  
Бар алмамыз — бал, жыр, ән!

*Алмұрт:*

Алмұрт — талға сырғамыз,  
Алмұрт талғап, жырғаңыз.

Үзіп, сұртіп жинаңыз,  
Қызып, сілкіп, үрманыз.  
Сыңғыр — сыңғыр әніміз,  
Сыңғыр — бұл жыр — сөніміз!

*Әрік:*

Мақтап үзер өрікпіз,  
Баққа біздер көрікпіз.  
Кіл бірегей өрікті  
Сілкілемей, теріп, үз.  
Әрік — көрік, көрікті,  
Теріп көр бұл өрікті.

*Шабдалы:*

Шабдалымыз — шырынбыз:  
Шабдарлы тек түріміз.  
Жеміс тер тек сілкімей,  
Жемістердің біріміз.  
Шырын — шырын — шырын — ақ:  
Қан менен де шырын ап.

*Жүзім:*

Көрсөң мол бақ жүзімді,  
Көркем моншақ түзілді.  
Гүлмаржандай жүзімді,  
Біл талғап, жай үзуді.  
Сабактанған жүзімбіз,  
Сағақтан жай үзіңіз.

*Анар:*

Қызыл, нәрлі анарын,  
Қызығады жанарың.  
Шырын мұнда, витамин,  
Шырынына қанар кім?!

Көркем қызыл анармыз:  
Көздің жауын аламыз!

*Қарақат:*  
Парасат нұр түзіліп,  
Қарақат тұр тізіліп.  
Қара көздей мөлдірге  
Қарамас кім қызығып?!  
Қарақаттай көзіңіз,  
Қалдырмаңыз өзіңіз.

Баққа келдік жалпымыз,  
Бақта сауық — салтымыз.  
Әсем күйін тартты ұлан,  
Әнгे салды әнші қыз.  
Жетілді бақ сәніміз:  
Жеміс тойы — әніміз.

Гүл — гүл! Шырын гүл  
— гүл! — деп,  
Бұлбұл жырын:  
— Гүл — гүл! — деп,  
Мәнер сазбен сайдады,  
Өнерпаз бен білгір көп.

Сыбырлады жапырақ,  
Сылдырлады жас бұлақ.  
Күнде қонды бақ құсы,  
Күйге толды жасыл бақ.  
Табиғат боп ертегі.  
Тамаша сыр шертеді.  
Нұрын көріп, балғындар,  
Сырын үғып алындар.

## ҚЫРСЫҚ ЕСЕК ТУРАЛЫ ЕРТЕГІ

Бұзық та, қырсық жайында  
Қызықпа, бірақ пайымда:

Кінә, зар, жалған өсек пе?  
Тілазар бопты есек те.

Ашуландырыпты иесін,  
Азабын көрсөн, күйесін.  
Қағынған есек өлік тым,  
Ағылған сансыз көліктің  
Кедергі жасап көшіне,  
Кеденді жолдың төсінде  
Қасарып тұрып алыпты:  
Қас анық, әлек салыпты.  
Ашына жолда дүркінді,  
Машина қағып шіркінді,  
Үқсатып зілге аяғын,  
Үстаратып кетті таяғын.

— Біл, — десек, — көше тәртібін,  
Бұл есек — тулас — шартығын,  
— Жасқантпа! — дейтін,  
— даулатын,  
Асфальтқа барып, аунайтын.  
Машина соққы берген сон,  
Мінезден зардап көрген сон,  
Ес кіріп еді басына,  
Есерсоқ енді қырсықты:  
Есірік мінез қалсын ба?  
Аз — ақ күн болып әдепті,  
Азап, мұң болып әдеті,  
Қырсықтығына салыпты  
Қырсығы жүртты налытты.